



Автор: Каримова Нұргүл Базарбекқызы

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Елтану және саяси география негіздері

Тақырып: Ұлтаралық және дінаралық келісім

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.4.1.4 Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсынады
Сабақтың мақсаты:	Ұлтаралық және дінаралық келісімдердің қажеттілігін түсінеді Барлық оқушылар: - Қазақстанда ұлттар мен ұлыстар арасындағы келісімді нығайту шаралары туралы түсінеді; Оқушылардың басым көпшілігі: - Халықтар арасында бейбітшілікті сақтау жолдарын ұсынады Кейбір оқушылар: - Қазақстанның дінаралық келісімге қосқан үлесіне баға береді
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминологияны қолдана отырып Қазақстанның дінаралық келісімге қосқан үлесін сипаттайды. Пәндік лексика мен терминология: келісім, ұлтаралық келісім, ассамблея, ұлт, зайырлы мемлекет. Диалог/ жазба жұмыстары үшін пайдалы сөз тіркестер жиыны (жиындары): Зайырлы мемлекет..... Қазақстан халқы ассамблеясының жұмысыбағытталған. Менің ойымша бейбітшілікті сақтау үшінжасау керек.
Күтілетін нәтиже:	Ұлтаралық және дінаралық келісімдердің қажеттілігін түсіндіре алады
Бағалау критерийлері:	- Қазақстанда ұлттар мен ұлыстар арасындағы келісімді нығайту шаралары туралы түсінеді; - Халықтар арасында бейбітшілікті сақтау жолдарын ұсынады; - Қазақстанның дінаралық келісімге қосқан үлесіне баға береді.
Құндылықтарды дарыту:	Мәңгілік Ел 2) Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет жүйесін қолдану
Пәнаралық байланыс:	Дүниежүзі тарихы - жаулапалушылық соғыстар
Бастапқы білім:	Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Аялы алақан» Жұмысты ұйымдастыру формасы: ұжымдық Белсенді оқыту тәсілдері: «Ішкі және сыртқы шеңбер» 1) оқушылар 1,2 саналып екі топқа бөлінеді. 2) «бірлер» ішкі шеңберге тұрады, «екілер» сыртқы шеңберге тұрады 3) Бір біріне беттесіп, сағат тілімен жылжи отырып өткен тақырып бойынша сұрақтар қояды 4) Алдымен ішкі шеңбердегі оқушылар сұрақ қояды, содан кейін сыртқы шеңбердегі оқушылар.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Белсенді оқыту тәсілдері: «Фишбоун» 1)Тапсырма: Оқулық мәтінін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы осындатұрып жатқан әрбір ұлт пен дін өкілдері арасында достықты сақтап қалу үшін қандай шаралар қолданғанын анықтаңдар. bilimland.kz сайтындағы «Халықтың ұлттық, діни құрамы» видеосын көрсету Жеке жұмыс: А) Оқулық пен қосымша берілген ресурсты пайдаланып «Қазақстанда тұратын ұлттар» кестесін толтырады ұлттар саны таралуы діні В) Оқулық мәтінін пайдаланып Қазақстанда ынтымақтасты сақтап қалу үшін іске-асырылып жатқан жұмыстар туралы зерттеу жүргізіп, постер, сызба немесе кесте түрінде көрсетіндер. С) «Зайырлы мемлекет» тақырыбына 8-10 сөйлемнен тұратын шағын шығарма жазады. Топтық жұмыс: «Фишбоун» Дескриптор 1. Қазақстанда тұратын ұлт пен ұлыс өкілдерін атайды. 2. Ынтымақтастықты сақтап қалу үшін Қазақстанда қолданатын шараларды белгілейді. 3. «Зайырлы мемлекет» ұғымына анықтама беріп, өз ойын дәлелдейді. 2) Тапсырма: Оқулық мәтінің және қосымша ақпарат материалын қолданып Қазақстан халқы ассамблеясының жұмысына талдау жасаңдар: - «Қазақстан халқы Ассамблеясы» ұғымын қалай түсініктеме бересіңдер? Ассамблеяның эмблемасының суреті бойынша қандай мағынаны білдіретінің сипаттаңдар? Кері байланыс: «Сұрақ ілмегі» әдісі. Қалыптастырушы бағалау: «Медаль және миссия» жеке, жұптық және топтық бағалау	https://bilimland.kz/kk/courses/geografiya-kk/qazaqstan-xalqy/lesson/xalyqtyng-ulttyq-ehtnikalyq-dini-quramy-xalyqtyng-zhastyq-zhane-zhynystyq-quramy 7 сыныпқа арналған география оқулығы «Алматыкітап» ҚаратабановР.А., Байметова Ж.Р. 95-96 бб, Қазақстан халқы ассамблеясының эмблемасының суреті http://www.bnews.kz/ http://www.assembly.kz/
Сабақтың соңы	Белсенді оқыту тәсілдері: «Шеринг» әдісі Тапсырма: Қазақстан үлгісінде елде бейбітшілік сақтау бойынша 10 кеңес құрастырыңдар, бұл ұсыныстарды дүниежүзінің қай елдеріне айтар едіңдер? Сөйлемде: Менің ойымша бейбітшілікті сақтау үшінжасау керек. – сияқты сөз тіркесін қолдануға болады. Кері байланыс: «Желпуіш» Қалыптастырушы бағалау: «Кластер» әдісі арқылы топтық бағалау. Тұжырымды ойларын флипчартқа түсіріп, топтық жұмыс қорғалады.	http://www.assembly.kz/ флипчарт
Рефлексия	«Бес саусақ» Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар сабақты түсінген немесе түсінбеген және сұрақтары бар болса бес саусақ парақшасына өздерінің ойларын жеткізіп жазады. Басбармақ – бүгін мен не үйрендім? Балан үйрек- неге қолжеткіздім? Ортан терек- көңіл күйім. Шылдыр шүмек- кімге көмектестім? Кішкене бөбек- Қандай қиындық және одан қалай өттім?	Алақан суреті салынған қағаздар,